

ISSN 2310-3353



«А. БАЙТҰРСЫНОВ
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 3
2023



Список литературы

1. Триста лет инженерного образования в России и на Урале / Фомина Евгения Андреевна – аспирантка УрФУ, Бармин Александр Вячеславович – доцент УрФУ, Запарий Владимир Васильевич – заведующий кафедрой, доктор исторических наук, профессор. УрФУ. vvzap@mail.ru.

ГЛАДОВ, Ю.В.

РЕСЕЙДЕГІ ИНЖЕНЕРЛІК БІЛІМ МЕН АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Мақала Ресейдегі инженерлік білім мен адами капиталдың даму тарихына арналған. Кез келген елдің экономикасын дамытудағы негізгі қозғаушы күш елдің ақшасы мен табиғи ресурстарына емес, сапалы инженерлік білімге сүйенетін адами капитал (инженер) екені анықталды. Иван Грозныйдың билігінен бастап қазіргі уақытқа дейін инженерлік білім беруді, адами капиталды және Ресей өнеркәсібін дамытудың негізгі кезеңдері көрсетілген. Инженерлік білім мен адами капиталдың осындай дамуының нәтижесі: Ұлы Отан соғысындағы, Ғарыштағы, энергетикадағы және өнеркәсіптің дамуындағы жеңістер, сондықтан КСРО әлемдегі ең қуатты әскери және энергетикалық державаға айналды, бұл инженер мен инженерлік білімнің қоғамдағы беделін едәуір арттырды: Отан соғысынан кейінгі барлық жастар инженер болғысы келді.

Түйінді сөздер: инженерлік білім, адами капитал, даму кезеңдері. Ресей, КСРО, Ұлы Отан соғысы, Энергетика, ғарыш, инженердің беделі.

GLADOV, YU.V.

THE HISTORY OF THE DEVELOPMENT OF ENGINEERING EDUCATION AND HUMAN CAPITAL IN RUSSIA

The article is devoted to the history of the development of engineering education and human capital in Russia. It was revealed that the main driving force in the development of the economy of any country is human capital (engineer), based on a high -quality engineering education, and not on money and natural resources of the country. The main periods of development of engineering education, human capital and industry in Russia, starting from the reign of Ivan the Terrible to the present, are shown. The result of such a development of engineering education and human capital was: victories in the Great Patriotic War, Cosmos, Energy and the development of industry, therefore the USSR has become the most powerful military and energy power in the world, from which the prestige of the engineer and engineering in society has grown greatly: all young people after the Patriotic War wanted to be engineers.

Key words: engineering education, human capital, stages of development. Russia, the USSR, the Great Patriotic War, Energy, Cosmos, the prestige of the engi.

ӘОЖ 8.81

Исова, Э.А.,

филология ғылымдарының кандиданты,
қауымдастырылған профессор

Жақсылық, А.Ж.,

«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»

оқу бағдарламасының 3-курс студенті,

А.Байтұрсынов атындағы

Қостанай өңірлік университеті,

Ө. Сұлтангазин атындағы

педагогикалық институты,

Қостанай қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ТІЛ ДАМУ ЖҰМЫСТАРЫ

Түйін

Берілген мақала қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстарын қарастырумен қатар, оларды жүйелі, әрі дұрыс пайдалануға бағытталған. «Өнер алды – қызыл тіл», – дейді халқымыз. Мектепте берілетін бүкіл білім

мен тәрбие ең алдымен сөз арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан да оқушылардың тілін дамыту – тек әдебиетші, тілшілер мақсаты ғана емес, ол бүкіл мектептің, барлық пән мұғалімдерінің де басты мақсаты, борышы, барлығына тән бірыңғай талап.

Кілт сөздер: Қазақ тілі, тіл дамыту, әдіс, жүйе, оқыту құралдары, оқулық.

1 Кіріспе

Тіл – бүкіл тіршіліктің қайнар көзі, қоғамның алтын өзегі. Тілсіз ұлт болмайды. Өз ана тілінен айырылған ұлтты ұлт деп айта алмайсыз. Яғни кез келген ұлттың индексі – тіл. Тіл – адамдардың бірімен бірі сөйлесуін, ой алмасуын, пікір бөлісуін қамтамасыз етеді, тілдік қарым-қатынасты іске асырады. Лингвист ғалымдар тілді әр ерекшелігіне қарай салыстырып, жан-жақты зерттеп қарастырып келеді. Тілдік қатынас – тіл білімінің жеке мәселесі ретінде зерттеледі. Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Қазақстанда тұратын жүзден аса ұлт өкілі Қазақстан халқын, соның ішінде қазақ халқының тұрмыс-әдебиетін, әдет-ғұрпын, мәдениетін, әдебиетін, тілін білуіміндетті [1; 3].

Қоғамда қарым-қатынастың түрі көп. Оның ішінде бізге керектісі – тілдік қатынас. Тілдік қатынас дегеніміз – тіл арқылы байланыс жасау, сөйлеу тілі арқылы адамдардың бірімен бірі коммуникация орнатуы, қоғамда тіл арқылы ұғынысу, түсінісу, қысқаша айтқанда бүкіл адамның тіл арқылы қатынасқа түсуі. Тілдік қатынастың екі түрі бар: ауызша және жазбаша. Ауызша қатынаста дыбыстық қатынас, оның ішіне айту мен тыңдау енеді. Жазбаша қатынасқа таңбалық қатынас, оның ішіне жазу мен оқу кіреді.

Ендігі мәселе – тіл дамыту деген не? Ол, әрине, оқушыны қарым-қатынас жасауға, сөйлеуге үйрету, дағдыландыру. Біздің негізгі мақсатымыз – қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстарын жүргізу. Яғни, қазақ тілі сабағында оқушының қазақ тіліндегі тілді қатынасын жетілдіру, өз ойын ашық айтуға, сөйлеуге, жазуға дағдыландыру, басымдылық беру. Қазіргі таңда сөйлеу, қарым-қатынас орнату мектепте ғана емес, жалпы қоғамда сиреп бара жатыр. Әлеуметтік желілердің қатты дамуының кесірінен, сөйлеу дағдысы кемшін. Мектептегі оқушылардың көбі смартфон кесірінен кеш сөйлегендер немесе коммуникациясы әлсіздер. Сол себепті оқушыларды көбірек сөйлетіп, өз әсерін еркін әрі тез жеткізе алатындай дәрежеге жеткізу қажет. Көп оқушы өз ойын дұрыс жеткізе алмайды. Сондықтан да қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстары жүйелі жүргізілуі керек. Белгілі ғалым Н. Оралбаева: «Тіл дамыту – қазақ тілін оқушының қарым-қатынас құралына айналдыру» [2; 105] – деп жазған болатын. Тіл дамыту жұмыстары барысында қазақ тілі пәнінің мұғалімінде екі бірдей мәселе туындауы мүмкін. Бұл – мұғалімнің мәселесі емес, қоғам дерті. Біріншісі – көп оқушы өз ойын ашып жеткізе алмайды, қарым-қатынасқа дұрыс түсе алмайды. Екіншісі – көп оқушы қазақ тілінде дұрыс сөйлей алмайды және ойын жеткізе алмайды. Сондықтан да қазақ тілі пәніндегі тапсырмалардың дені тіл дамыту жұмыстарына арналған.

Оқушылардың тілін дамыту, жетілдіру туралы ең алғаш пікір айтқан қазақ ағартушысы – Ыбырай Алтынсарин. Ыбырай Алтынсарин өзі мектеп ашып, оқулық жазғаны белгілі. Төртінші сыныпқа арналған «Ережесінде» екі тілде жеңіл шығармалар жазуға байланысты тапсырмалар беріп, күрделі қағаздарды жүргізуге байланысты жаттығулар жасады. Ал «оқыту бағдарламасына»: «1) бірінші сыныпта оқи, жаза білуге үйрету, біраздан кейін жаттықтыру жұмысын жүргізу, қазақ сөздерін мүмкіндігінше мол жатқа білгізу, сөйлем құрамын үйрету; 2) екінші сыныпта қазақ тілі грамматикасын оқыту, сөйлемдерді морфологиялық және синтаксистік жағынан талдау жасауға үйрету; 3) үшінші сыныпта анық түсінікті, белгілі мазмұн бойынша сөйлем құрауға үйрету» [3; 112], – деп анықтама берген. Осы анықтамадан-ақ ұлт ұстазының оқу үдерісі кезінде оқушының тілін дамыту бойынша жұмыстар атқарғанын біле аламыз. Ал, көрнекілік құралдар мен оқу материалдарын ел арасынан жинаған. Халық арасындағы аңыз-әңгіме, кара өлең, мақал-мәтел, жұмбақ,

жаңылтпаш т.б. фольклорлық мұраларды оқу үдерісіне пайдаланып, тіл дамыту жұмысына қолданған. Ыбырай Алтынсариннен бөлек тіл дамыту жұмыстарына көңіл бөлген, оқулық жазған кезде осы мәселені баса назарында ұстаған қазақ тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлы. Қазақ лингвистикасының негізін қалаушы, ғұлама ғалым «Тіл – адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі», – деп аса жоғары бағалаған. Сондай-ақ өзі «Тіл дәлдігі», «тіл анықтылығы», «тіл тазалығы», «сөз таңдау», «тіл көрнектілігі» сынды ұғымдарды қалыптастырып, әр қағидаға дәлелдер келтірген. Және Ахмет Байтұрсынұлы жатілдік қатынасты ауызша және жазбаша деп екіге бөлген.

Демек тіл дамыту жұмысы дегеніміз оқушының тілді коммуникация құралы ретінде дұрыс әрі орынды пайдалану [4; 32].

2 Материалдар мен әдістер

Бұл мақаланы жазу барысында ең алдымен қазақ тілі сабақтарындағы тіл дамыту жұмыстарына жалпы шолу жасалынып, жүргізілетін әдіс-тәсілдер қарастырылды. Сонымен қатар, әдістемелік еңбектерге шолу жасалынып, талдау жасалды. Қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстарына байланысты әдіс-тәсілдер анықталды. Қажетті материалдар жинақталып мақала жазуда бір жүйеге келтірілді. Амангелді Жаппаровтың жинақтары басты негізге алынды.

3-4 Нәтижелер мен талқылаулар

Қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстарын жүргізу мақсатында 5-сынып оқушыларына арналған «Қазақ тілі» оқулығы қарастырылды. Онда, пәнінің 1- бөлімдегі «Тіл туралы тақырыпта тілдік қатынастың екі түрі болатындығын (ауызша, жазбаша), ол екі түрдің біріншісіне сөйлеу, екіншісіне жазу жататындығы жазылған. «Қазақ тілі» пәнін бойынша жаңартылған мазмұндағы бағдарламаның қолданыстағы бағдарламадан ерекшелігі қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан оқытуға назар аударылып, төрт дағдыға негізделген. Олар: тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым, әдеби тіл нормаларын сақтау. Олай болса, әуелі ауызша, яғни сөйлеуге байланысты тіл дамыту жұмыстарына байланысты айтып кетсек. Бізге керектісі – тыңдалым және айтылым дағдысы. «Ана тілі» атты тақырыпты бастар алдында оқушыларға «болжам» әдісін ұсынған жөн. Тақырыпқа қатысты суреттер көрсетіліп, оқушылар тақырыпты болжайды. «Ана тілі» тақырыбына сай келетін тудың, елтаңбаның, әнұранды, қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері, ән-күйлерін көрсетуге болады. Одан кейін тақырыпқа байланысты мәтінді тыңдағанға я оқығанға дейін мәтіналды тапсырма берілуі қажет. Оған оқушы ауызша жауап беруі тиіс. Мысалы, тіл туралы қандай мақал-мәтел білесіз, ана тілі туралы қандай шығарма білесіз сынды сұрақтарды қойса болады. Осы арқылы оқушылар тақырыпқа байланысты мақал-мәтелдерді еске түсіретін болады. Өйткені, мақал-мәтел – ғасыр шежіресі. Өмірден алынған түйінді ой. Мақал-мәтел ой дәлдігімен, тереңдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленеді. Мақалда өмірдің әр алуан құбылыстарына баға берілген түйінді, кесек ойлар жатыр. Осы арқылы оқушылардың да сөздік қоры көбейеді. Тыңдалым бойынша оқушыларға берілген мәтіннен үзінді: «Қай тіл болмасын, тарихы, жолы, даму сатылары болады. Бірақ бірде-бір тілдің жасын тап басып, ашып айту қиын. Өйткені бұл – мыңдаған, миллиондаған жылдың қойнауында жатқан мәселе

Сабақ барысындағы ұтымды әдістің бірі – оқушының мәтінге сұрақтар қою. Мәтін бойынша жұмыс жасаудағы сыры мол ғаламат дүние «ой қозғау». Мысалы,

- Мәтін не туралы?
- Ана тілінің маңызы қандай,
- Біздің қазіргі қоғамдағы ана тілі қызыметінің деңгейі қаншалықты?
- Қазіргі жастар ана тілінде қдыс сөйлеп жүр ме? сынды сұрақтар қоюға болады.

Дәл осы «Ана тілі» атты сабақта жазбаша тіл дамыту жұмыстарын жүргізсе болады. Оған керекті дағдылар – жазылым және әдеби тілдік норманы сақтау. Тыңдалған мәтін бойынша оқушыларға «қате сөйлем», «көп нүктенің орнын толтыр» т.б кері байланыс тапсырмаларын беруге болады. Сонымен қатар «Санквейн» әдісі арқылы 5 жолды өлең

құрастыруға тапсырма берген дұрыс. «Синквейн» әдісінің бірінші жол – бір зат есім, екінші жол – екі сын есім, үшінші жол – үш етістік, төртінші – төрт сөзден тұратын сөз тіркесі, бесінші – бірінші сөзге 1 синоним жазуы керек. Осы арқылы жазылым дағдысы қалыптасады.

5-сыныптың қазақ тіліндегі «Шаңырақ» атты тақырыпқа да тіл дамыту жұмыстары жүргізілді. Мысалы, тақырып бойынша берілген мәтіннен үзінді:

«Атадан балаға мұра болып қалған үй «киелі үй» деп аталады. Оны ел, ағайын туыстары «қарашаңырақ» деп құрмет тұтады. Қарашаңыраққа ұл ғана ие болады. Үлкен балалары отау тігіп, енші алып, бөлек шыққанда ең кіші ұл ата-анасымен бірге қалады. Ал кенже ұл иеленген әкенің үйі басқа жасы үлкен туыстары үшін де қадірлі әрі қасиетті үй ретінде саналған. Сабақта оқушыларға мәтін бойынша кері байланыс орындатып, мәтінде айтылған ой мен мәтінмазмұны туралы сұрақтарға жауап алуға болады. Сабақ мақсатына сай негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау үшін тапсырма берген дұрыс. Содан кейін қарамен жазылған сөздің негізгі мағынасын анықтау мақсатында тапсырмалар беріледі. Мысалы,

Кесте -1.

1 Шаңырақтарың берік болсын! Мықты/ әдемі

2 Ұлды ұяға, қызды қияға қондыру. Қонаққа жіберу / үйлендіру, тұрмысқа ұзату.

3 Кенже ұлға қалатын үй үлкен үй деп те аталады Кең / әке тұрған үй

4 Шаңырағың шайқалмасын! Бұзылмасын / төгілмесін.

Тіл дамыту жұмыстары барысында неологизм, архаизм, көне сөздердің мағынасын ашып, түсіндіріп отыру өте маңызды. Сондықтан, сабақта түсіндірмелі сөздікпен жұмыс жасатқан дұрыс. Түсіндірмелі сөздіктен басқа, синонимдер, фразеологизмдер сөздігін т.б. сөздіктермен жұмыс жасауы қажет. Мысалы, тақырыпқа қатысты бір-екі сөзді түсіндірме сөздіктен ұсына кетсек.

ШАҢЫРЫҚ.

-1) киіз үйдің төбесіндегі дөңгелек шеңбер; 2) ауыспалы мағынасы адамның тұратын үйі; 3) ауыспалы мағынасы: отбасы, жанұя. Медет тұту – сүйеніш көру, тірек, демеу ету [6]. Сондай-ақ сыныпқа түсіндірме сөздік әкеліп, басқа да сөздердің мағынасын ашу бойынша тапсырмалар берген дұрыс.

Қысқасы қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстарын жүргізген кезде қиындатып, күрделендірудің еш қажеті жоқ. Барынша оқыту үдерісі кезінде іске асатын, оқушының деңгейіне сай, уақыт мөлшері есептеліп, ҚМЖ жасалынса болғаны. Тіл дамыту жұмыстары арқылы оқушы бір жағы сауатты жазуға, сөйлеуге дағдыланса, екінші жағы сабаққа деген қызығушылығы артатын болады.

Сонымен қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстары бойынша қорыта айтар болсақ, бұл жұмыстың маңызы жоғары екенін байқауға болады. Оқушының тілін дамытып, ана тіліне деген құрметін арттырып, қызығушылығын оятып, таным көкжиегін бағамдауға тіл дамыту жұмыстары өте қажет екені байқалады.

5 Қорытынды

Бүгінгі таңда тіл мәселесі өзекті, қоғамдық-саяси мәселе болып тұр. Себебі, Қазақстан Республикасында тіл саясаты жүйелі түрде жүргізіліп жатыр дегенмен, Мемлекеттік тіл статусына толықтай енуі үшін тіл дамыту жұмыстары керегі айқын. Ол тек мектеп оқушысы ғана емес, ересектер мен мемлекеттік қызметкерлерге де жүргізілуі қажет екені анық. Қазақ тілі пәнінің басты мақсаты – кез келген Қазақстан азаматын және мектеп оқушысын, ол мейлі қазақ тілді болсын, орыс тілді болсын, қазақ тілінде сөйлетіп, жаза білетін деңгейге жеткізу, қазақ елінің әдет-ғұрпын, төл тарихын, ділін, дәстүрін құрметтеуге үйрету.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақ тілді емес мектептерде тілдерді дамыта оқыту әдістері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 86 б.

2. Оралбаева Н.О., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы: Ана тілі, 1996.
3. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. Оқу әдістемелік шығармалар. Алматы: Жазушы, 1988.
4. Жапбаров А. Оқушылардың тілін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (5-10 сыныптар). 1-кітап. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 264 бет.
5. Б. Қалиев. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2014. – 728 бет.

ИСОВА, Э.А., ЖАҚСЫЛЫҚ, А.Ж.

РАБОТА ПО РАЗВИТИЮ ЯЗЫКА НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Данная статья направлена на систематическое и правильное их использование, а также рассмотрение работы по развитию языка на уроках казахского языка. "Искусство получило-красный язык", – говорят наши люди. Все образование и воспитание, передаваемые в школе, осуществляются, прежде всего, через слово. Поэтому развитие языка учащихся-это не только цель литературоведа, корреспондента, это главная цель, долг всей школы, всех учителей-предметников, единое требование для всех.

Ключевые слова: казахский язык, развитие языка, метод, система, средства обучения, учебник.

ISSOVA, E.A., ZHAKSYLYK, A.Zh.

WORK ON LANGUAGE DEVELOPMENT IN KAZAKH LANGUAGE LESSONS

This article is aimed at systematic and correct use of them, as well as consideration of the work on language development in Kazakh language lessons. "Art has received a red tongue," our people say. All education and upbringing transmitted at school is carried out primarily through the word. Therefore, the development of the language of students is not only the goal of a literary critic, a correspondent, it is the main goal, the duty of the whole school, of all subject teachers, a single requirement for everyone.

Key words: Kazakh language, language development, method, system, teaching tools, textbook.

УДК 811.512.122

Канапина, С.Г.,

*филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор м.а.*

Айтқазы, Ә.А.,

*«БВ01701- Қазақ тілі мен әдебиеті»
оқу бағдарламасының 3 курс студенті,
А.Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік университеті,
Ө. Сұлтангазин атындағы
педагогикалық институты,
Қостанай қ., Қазақстан*

**ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ «ЕЛЕҢ- АЛАҢ» РОМАНЫНДАҒЫ
ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІГІ**

Түйін

Әбіш Кекілбаев жазушы, сынышы, публицист, саясаткер, мемлекет және қоғам қайраткері. Жазушының белгілі «Елең алаң» туындысы өзінің бай, қазақи сөздік қорымен ерекшеленеді. Бұл қорды толықтыратын сөз қазынасы – фразеологизмдер. Мақалада фразеологизмдер туралы зерттеулер мен ғалымдардың пікірлері пайдаланылды, романда қолданылған фразеологизмдердің мағынасы ашылып, Г. Смағұлованың топтастыруы бойынша қолданылуына байланысты талданды.

Кілт сөздер: фразеологизм, жазушы, роман, ғалым, лексикология, этнолингвистика.